1.9	Қазығұрт аудандық бөлімі	Қазығұрт ауылы, Қонаев көшесі, н/ж	8 (72539) 22-757
1.10	Мақтаарал аудандық бөлімі	Жетісай қаласы, Жәйшібеков көшесі, н/ж	8 (72534) 61-343
1.11	Отырар аудандық бөлімі	Шәуілдір ауылы, Жібек жолы даңғылы, н/ж	8 (72544) 22-616
1.12	Ордабасы аудандық бөлімі	Темірлан ауылы, Қажымұқан көшесі, н/ж	8 (72530) 22-670
1.13	Түркістан аудандық бөлімі	Түркістан қаласы, Тілеулі мыңбасы көшесі, н/ж	8 (72533) 41-679
1.14	Төлеби аудандық бөлімі	Леңгір қаласы, Төле би көшесі, н/ж	8 (72547) 61-90-56
1.15	Түлкібас аудандық бөлімі	Түлкібас ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, 189	8 (72538) 52-709
1.16	Сайрам аудандық бөлімі	Ақсукеңт ауылы, Қыстаубаев көшесі, н/ж	8 (72531) 77-079
1.17	Созақ аудандық бөлімі	Шолаққорған ауылы, Қожанов көшесі, н/ж	8 (72546) 43-329

1.18	Сарыағаш аудандық бөлімі	Сарыағаш ауылы, Шораулы көшесі, н/ж	8 (72537) 27-020
1.19	Абай ауылдық бөлімі	Абай ауылы, Жылқышиев көшесі, н/ж	8 (72532) 31-629
1.20	Шортанды аудандық бөлімі	Шардара қаласы, Шардара тұйығы, н/ж	8 (72535) 21-583
«Алматы қаласы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
1.	«Алматы қаласы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Жандосов көшесі, 51	8 (727) 247-16-28
1.1	Әуезов ауданының бөлімі	Жандосов көшесі, 51	8 (727) 247-16-27
1.2	Алматы ауданының бөлімі	Бөгенбай батыр көшесі, 221	8 (727) 378-09-09
1.4	Алатау ауданының бөлімі	Шаңырақ ықшам ауданы-2, Жанқожа батыр көшесі, 24	8 (727) 395-36-10
1.5	Бостандық ауданының бөлімі	Алмагүл шағын ауданы, 9а	8 (727) 396-37-00
1.6	Жетісу ауданының бөлімі	Төлеби көшесі, 155	8 (727) 330-72-43
1.7	Медеу ауданының бөлімі	Макаров көшесі, 44	8 (727) 239-65-52
1.8	Түрксіб ауданының бөлімі	Рихард Зорге көшесі, 9	8 (727) 234-09-74
«Астана қаласы бойынша ХҚО» РМК филиалы			
1.	«Астана қаласы бойынша ХҚО» РМК филиалы	Республика даңғылы, 12/2	8 (7172) 57-07-74
1.1	Алматы ауданы бойынша бөлімі	Мирзоян көшесі, 25 үй	8(7172) 61-84-11
1.1.1	№ 1 бөлімі	Республика даңғылы, 12/2	8 (7172) 32-80-10
1.1.2	№ 2 бөлімі	Абай көшесі, 53	8 (7172) 21-10-27
1.1.3	№ 3 бөлімі	Железнодорожный кенті, Ақтасты көшесі, 20	8 (7172) 94-71-80
1.2	Сарыарқа ауданы бойынша бөлім	Республика даңғылы, 43	8 (7172) 32-46-97
1.2.1	«Тлендиев» бөлімі	Бөгенбай даңғылы, 6а үй	8 (7172) 94-99-96
1.2.2	«Ақжайық» бөлімі	Есенберлин көшесі, 16/2 (Темірбанк» АҚ ғимаратында)	8 (7172) 59-28-33
1.2.3	«Өндіріс» бөлімі	Кемеңгерұлы көшесі, 6/1	8 (7172) 30-40-70
1.2.4	«Кенесары» бөлімі	Сарыарқа көшесі, 12 үй «БТА-банк» АҚ ғимараты	8 (7172) 23-79-03
1.2.5	«Жеңіс» бөлімі	Жеңіс даңғылы, 34	8 (7172) 31-70-37
1.3	Есіл ауданы бойынша бөлім	Сауран көшесі, 7	8 (7172) 50-13-70
1.3.1	Есіл ауданы бойынша бөлім	Қабанбай батыр даңғылы, 5/1 вп.№ 1	8(7172) 50-91-95

«Денсаулық сақтау саласындағы есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандартына
2-қосымша

Р/с №	Департаменттің атауы	Департаменттің орналасқан жері	Жұмыс кестесі	Аттестаттау, аккредиттеу және лицензиялау	Басшының телефон нөмірі
-------	----------------------	--------------------------------	---------------	---	-------------------------

				бөлімінің телефон нөмірі	
1	2	3	4	5	6
1	«Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінің медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау Комитеті» ММ (бұдан әрі - Комитет)	Астана қаласы, Министрліктер үйі, 5 кіреберіс	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7172) 74-32-79	8(7172) 74-32-79
2	«Комитеттің Ақмола облысы бойынша департаменті» ММ	Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7162) 25-14-43	8(7162) 40-18-86 қабылдау бөлмесі
3	«Комитеттің Павлодар облысы бойынша департаменті» ММ	Павлодар қаласы, Лермонтов көшесі, 59	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7182) 55-02-86	8(7182) 55-57-09 қабылдау бөлмесі
4	«Комитеттің шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Өскемен қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 9/1	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7232) 76-13-23	8(7232) 76-54-44 қабылдау бөлмесі
5	«Комитеттің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 215	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7112) 51-04-75	8(7112) 51-21-11 қабылдау бөлмесі
6	«Комитеттің Алматы облысы бойынша департаменті» ММ	Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 149.	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7282) 24-43-59	8(7282) 21-02-23 қабылдау бөлмесі
7	«Комитеттің Астана қаласы бойынша департаменті» ММ	Астана қаласы, Иманов көшесі, 19 «Алматы» бизнес-орталығы 11 қабат	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7172) 78-74-65	8(7172) 78-75-09 қабылдау бөлмесі
8	«Комитеттің Қостанай облысы бойынша департаменті» ММ	Қостанай қаласы, Баймағамбетов көшесі, 195	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7142) 54-36-26	8(7142) 54-98-90 қабылдау бөлмесі
9	«Комитеттің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 36	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7152) 46-97-39	8(7152) 36-02-22 қабылдау бөлмесі
10			Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін,		8(7272) 71-32-89

	«Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаменті» ММ	Алматы қаласы, Мәметова көшесі, 3	түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7272) 73-06-80	қабылдау бөлмесі
11	«Комитеттің Қызылорда облысы бойынша департаменті» ММ	Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, № 13	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7242) 23-45-34	8(7242) 23-48-97
12	«Комитеттің Атырау облысы бойынша департаменті» ММ	Атырау қаласы, Байтұрсынов көшесі, 53	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7122) 27-31-94	8(7122) 27-31-94 қабылдау бөлмесі
13	«Комитеттің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» ММ	Ақтөбе қаласы, Селиверстов көшесі, 9Б (Тілеу батыр)	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7132) 50-15-28	8(7132) 50-15-61 қабылдау бөлмесі
14	«Комитеттің Қарағанды облысы бойынша департаменті» ММ	Қарағанды қаласы, Шахтерлар даңғылы, 78	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7212) 79-29-86	8(7212) 33-42-48 қабылдау бөлмесі
15	«Комитеттің Жамбыл облысы бойынша департаменті» ММ	Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қазыбек би көшесі, 142 а	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7262) 50-07-93 45-99-60	8(7262) 50-07-92 қабылдау бөлмесі
16	«Комитеттің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы, Н. Төреқұлов көшесі, н-з	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7252) 41-30-17	8(7252) 41-30-97
17	«Комитеттің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» ММ	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 9 шағын аудан, 23 үй	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7292) 42-09-47	8(7292) 42-09-47

«Денсаулық сақтау саласындағы есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандартына
3-қосымша

Нысан

(лицензиялау органының толық атауы)

(заңды тұлғаның толық атауы))

ӨТІНІШ

Қазақстан Республикасының аумағына немесе оның аумағынан тыс

(қызмет (іс-әрекет) түрін көрсету)

жүзеге асыруға лицензия беруді сұраймын

Ұйым

туралы

мәлімет:

1. Меншік нысаны _____

2. Құрылған жылы _____

(№, кім, қашан берді)

3. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік _____

(№, кім және қашан берілді)

4. Мекенжай _____

(индекс, қала, аудан, облыс. көше, үй №,

телефон, факс)

5. Есеп айырысу шоты _____

(шот №, банк атауы және орналасқан жері)

6. Өкілдіктің филиалдары _____

(орналасқан жері және деректемелері)

7. Қоса берілетін құжаттар:

Басшы _____

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

Мөр орны

«Денсаулық сақтау саласындағы
есірткі құралдарының, психотроптық заттар
мен прекурсорлардың айналымына
байланысты қызметке лицензия беру, қайта
ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын
беру» мемлекеттік қызмет стандартына

4-қосымша

Денсаулық сақтау саласындағы есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру кезінде қойылатын біліктілік талаптары

Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлардың айналымымен байланысты қызметтерге қойылатын біліктілік талаптарына төмендегілер жатады:

1) тиісті білім деңгейі және кемінде екі жыл мамандығы бойынша тәжірибесі бар, өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органда техникалық пайдалану ережелері мен қауіпсіздік ережелеріне тексеруден өткен және есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлармен жұмыс істеуге рұқсаты бар білікті инженерлік-техникалық және басқарушылық қызметкерлер құрамы;

2) төмендегілерді қамтамасыз ету қызметтері:
құрылғыларды, механизмдерді, технологиялық желілерді пайдалану мен
техникалық к у т у ;

еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауды бақылау;

м е д и ц и н а л ы қ б а қ ы л а у ;

есірткі, психотроптық заттар, прекурсорларды есепке алу;

3) арнайы қорғаныс киімдері, жеке қорғаныс заттары, өртке қарсы мүккәмал;

4) есірткі, психотроптық заттар, прекурсорларды өндірудің технологиялық процесінің бекітілген регламенті, нұсқаулықтар, ережелер және қауіпсіз жұмыс өндірісі бойынша басқа да нормативтік-техникалық құжаттар;

5) есірткі, психотроптық заттар, прекурсорларды жасау, өндіру, алу, сақтау, тарату, пайдалану, тасымалдау, жөнелту, бөлу, жоюға; құрамында есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар бар және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік-техникалық талаптарға жауап беретін өсімдіктер мен шөптерді өсіру, жинау дайындауға арналған тиісті өндірістік-техникалық база (сынақ-зерттеу базасы, мамандандырылған өндірістік ғимараттар мен жайлар);

6) жұмысшыны орналастыруға арналған санитарлық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін қызметтік орындар;

7) есірткі, психотроптық заттар, прекурсорларды сақтауға арналған өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына жауап беретін арнайы жабдықталған қоймалар, орындар мен
с ы й ы м д ы л ы қ т а р ;

8) есірткі, психотроптық заттар, прекурсорларды сақтауға арналған қоймалар, орындар мен сыйымдылықтарды ішкі істер органдарының немесе күзет қызметімен айналысатын субъектілермен келісім шартқа отыру негізінде күзету;

9) есірткі, психотроптық заттар, прекурсорларының заңсыз айналымы мен күрес жүргізетін территориялдық ішкі істер органдарынан есірткі, психотроптық

заттар, прекурсорлары айналымы саласында объектілер мен жайларды пайдалануға рұқсатнама алу;

10) өз лауазымдық міндеттері барысында есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлармен жұмыс істеуге рұқсат алған тұлғалардың нашақорлықпен, уытқорлықпен, созылмалы маскүнемдікпен ауырмайтындары туралы, сондай-ақ, олардың арасында жоғары қауіп көздерімен байланысты кәсіби қызметтің жекелеген түрлерін орындауға жарамайды деп танылған тұлғалардың жоқтығы туралы наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлердің қорытындылары;

11) құрамында есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар бар өсімдіктер мен шөптерді өсіру, жинау, дайындау барысында Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау және Білім және ғылым министрліктерімен келісім-хаттар;

12) заңды тұлға (тапсырыс беруші) мен құрамында есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар бар тапсырыстарды жеткізу, тасымалдаумен айналысатын ұйым арасындағы тапсырысты қабылдау, тасымалдау мен жеткізу талаптары көрсетілген келісім шарт.

4. Құрамында есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар бар тапсырыстар аса бағалы тапсырыстарды тасымалдау мен жеткізу талаптарын сақтай отырып, арнайы темір жол вагондарымен, авиатранспортпен және автотранспортпен жүзеге асырылады.

5. Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорларды алу және таратумен байланысты қызметтермен айналысатын заңды тұлғалар қосымша тиісті лицензиялары бар өтініш білдіруші, жеткізуші мен сатып алушы арасындағы есірткі, психотроптық заттар, прекурсорларды алу және тарату қарастырылған мақсаттары туралы келісім-шарт немесе хаттама ұсынулары тиіс;

6. Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлардың алу және таратумен байланысты қызметтермен айналысатын заңды тұлғалар қосымша негізгі қызмет ету түріне (фармацевтикалық, медициналық) алынған лицензия көшірмелерін ұсынулары тиіс.

7. Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорларды тасымалдау, жөнелту, алу, сақтау, тарату секілді қызмет түрлерімен байланысты іс-әрекеттерді атқару, сондай-ақ, денсаулық сақтау саласында есірткі, психотроптық заттар, прекурсорларды пайдалану мен жою барысында 3 тармақтың 1), 2) (есірткі, психотроптық заттар, прекурсорларды есепке алудан басқа), 4), 12) тармақшалары бойынша мәлімет беру талап етілмейді.

«Денсаулық сақтау саласындағы есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына

байланысты қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандартына
5-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қолжетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің алдағы жылдағы мақсатты мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1. Уақтылылығы			
1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап қызметті белгіленген мерзімде ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызмет көрсету үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қолжетімділігі			
3.1. Қызмет көрсету сапасына және оның тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электрондық форматта қол жеткізуге болатын қызметтердің %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 8 қ а з а н д а ғ ы
№ 1 2 6 2 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

«Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың өндірісіне байланысты фармацевтикалық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті мекенжайлары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – уәкілетті орган), сондай-ақ мемлекеттік қызметті алушыда мемлекеттік электрондық – цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған жағдайда «электрондық үкімет» веб-порталы: www.e.gov.kz арқылы немесе «Е – лицензиялау» веб – порталы (бұдан әрі – портал): www.elicense.kz а р қ ы л ы к ө р с е т е д і .

2. Көрсетілетін қызмет нысаны – ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 13-бабының, «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 26-бабының, «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабының, «Медициналық және фармацевтикалық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2301 қаулысының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) www.mz.gov.kz интернет-ресурсында;

2) п о р т а л д а ;

3) тізбелері осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген уәкілетті органның ғимаратында орналасқан стенділерде орналастырылады.

Сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты call-орталықтың (1414) телефоны бойынша алуға болады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі:

1) у ә к і л е т т і о р г а н д а :

дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаларды өндіруге байланысты фармацевтикалық қызметке лицензияның телнұсқасын беру, қайта ресімдеу немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәждеделген жауап болып табылады.

2) п о р т а л д а :

дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаларды өндіруге байланысты фармацевтикалық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру немесе уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ қойылған электрондық құжатта мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәждеделген жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) уәкілетті органға өтініш білдірген сәттен бастап:

мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған күннен бастап лицензия және (немесе) лицензияға қосымша (бұдан әрі – лицензия) беру – он бес жұмыс күн ішінде;

мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған күннен бастап лицензияны қайта ресімдеу – он жұмыс күн ішінде;

мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған күннен бастап лицензияның телнұсқасын беру – екі жұмыс күн ішінде;
п о р т а л ғ а :

мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған күннен бастап лицензияны беру – он бес жұмыс күн ішінде;

мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған күннен бастап лицензияны қайта ресімдеу – он жұмыс күн ішінде;

2) мемлекеттік қызметті алушыға өтініш білдірген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алғанға дейінгі ең ұзақ кезек күту уақыты – жиырма минуттан аспайды;

3) мемлекеттік қызметті алушыға сол жерде көрсетілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – жиырма минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндеті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес Орталыққа немесе уәкілетті органға лицензиялық салым бюджетіне дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаларды өндіруге байланысты фармацевтикалық қызметтермен айналысу құқығына 20 айлық есептік көрсеткішін, лицензия телнұсқасын беруге лицензия беру кезіндегі мөлшерден 100%, лицензияны қайта ресімдеуге лицензия беру кезіндегі мөлшерден 10%, салымды төлеу күні қолданыстағы 4 АЕК аспайтын төлем төлегендігін растайтын құжатты (түбіртек) ұсына отырып ұсынылады.

Салым мемлекеттік қызметті алушының орналасқан жері бойынша бюджетке төленеді.

Мемлекеттік қызметті алуға портал арқылы электрондық сұраным берген жағдайда «электрондық үкімет» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭТҮШ) арқылы ақы төлеу жүзеге асырылады.

9. Уәкілетті органның жұмыс кестесі: күн сайын дүйсенбіден бастап жұмаға дейін қоса алғанда сағат 9-00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден 14-

30-ға дейін, демалыс: сенбі, жексенбі және «Қазақстан Республикасындағы мереке туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 267 Заңына сәйкес мереке күндері.

Порталдың жұмыс кестесі - тәулік бойы.

10. Мемлекеттік қызмет:

1) мемлекеттік қызметті алушының таңдауы бойынша мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдайлар көзделген қажетті құжаттар тізімі көрсетілген стенділермен және оларды толтыру үлгілерімен, нормативтік құқықтық актілерден үзінділермен (көшірмелерімен) жарақтандырылған күту және құжаттарды әзірлеуге ыңғайлы жағдай жасалынған орындар бар уәкілетті о р г а н д а ;

2) порталда - «жеке кабинетте» көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаларды өндіруге байланысты фармацевтикалық қызметке лицензияны алу үшін мемлекеттік қызметті алушылар сенімхат бойынша өкілдер мына қ ұ ж а т т а р д ы ұ с ы н а д ы :

Уәкілетті органға хабарласқанда:

1) осы стандартқа 2, 3-қосымшаларға сәйкес заңды және жеке тұлғалар үшін белгіленген нысан бойынша өтініш;

2) заңды тұлғаның жарғысының көшірмесі (құжаттардың түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда салыстыру үшін нотариаттық расталған);

3) мемлекеттік қызметті алушының заңды тұлға ретіндегі мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі;

4) жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат;

5) дара кәсіпкер үшін – мемлекеттік қызметті алушының дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі (құжаттардың түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда салыстыру үшін нотариаттық расталған);

6) мемлекеттік қызметті алушыны салық органына есепке қою туралы куәліктің көшірмесі (құжаттардың түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда салыстыру үшін нотариаттық расталған);

7) қызметтің жекелеген түрімен айналысу құқығы үшін лицензиялық салым бюджетіне төлемді растайтын құжат (құжаттардың түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда салыстыру үшін нотариаттық расталған);

8) осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымына байланысты қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

Осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттар туралы мәліметті Уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден уәкілетті тұлға куәландырған ЭЦҚ (қол қойған) электрондық құжат нысанында порталдың мемлекеттік ақпараттық жүйесі немесе Орталықтың ақпараттық жүйесі арқылы а л а д ы .

Құжаттарды қабылдау кезінде уәкілетті органның қызметкері осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың түпнұсқасының дұрыстығын құжаттардың көшірмелерімен және мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінен ұсынылған мәліметтермен салыстырады, одан кейін түпнұсқаларды мемлекеттік қызметті алушыға қайтарады.

Лицензиясы бар фармацевтикалық қызметтің шеңберінде лицензияға қосымша алу үшін мемлекеттік қызметті алушы мына құжаттарды:

1) ө т і н і ш т і ;

2) лицензия көшірмесін (салыстыру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда н о т а р и а т т ы қ к у ә л а н д ы р ы л ғ а н) ;

3) осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес фармацевтикалық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес мәліметтер мен құ ж а т т а р д ы ұ с ы н у ы қ а ж е т .

Осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген құжаттар туралы мәліметті уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден уәкілетті тұлға куәландырған ЭЦҚ электрондық құжат нысанында порталдың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы а л а д ы .

Құжаттарды қабылдау кезінде уәкілетті органның немесе Орталық қызметкері осы тармақтың 2-тармағында көрсетілген құжаттардың түпнұсқасының дұрыстығын құжаттардың көшірмелерімен және мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінен ұсынылған мәліметтермен салыстырады, одан кейін түпнұсқаларды мемлекеттік қызметті алушыға қ а й т а р а д ы .

Лицензияны қайта ресімдеу үшін мемлекеттік қызметті алушы:

1) ө т і н і ш т і ;

2) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық салым бюджетіне төлемді растайтын құжаттың көшірмесін;

3) лицензия көшірмесін (салыстыру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда н о т а р и а т т ы қ к у ә л а н д ы р ы л ғ а н) ұ с ы н а д ы .

Осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген құжаттар туралы мәліметті уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден уәкілетті тұлға куәландырған ЭЦҚ электрондық құжат нысанында порталдың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы а л а д ы .

Құжаттарды қабылдау кезінде уәкілетті органның қызметкері осы тармақтың

3) тармақшасында көрсетілген құжаттардың түпнұсқасының дұрыстығын құжаттардың көшірмелерімен және мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінен ұсынылған мәліметтермен салыстырады, одан кейін түпнұсқаларды мемлекеттік қызметті алушыға қайтарады.

Лицензияның телнұсқасын алу үшін:
1) ө т і н і ш т і ;

2) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның жоғалу, бүліну фактілерін растайтын құжаттарды;

3) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық салым бюджетіне төлемді растаушы құжаттың көшірмесін (құжаттардың түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда салыстыру үшін нотариаттық расталған) ұ с ы н а д ы ;

Портал арқылы өтініш білдірген кезде:
Лицензия алу үшін мемлекеттік қызметті алушы мынадай құжаттарды ұ с ы н а д ы :

4) ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат түріндегі сұраным;

5) заңды тұлғаның жарғысы–сканерленген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса беріледі;

3) мемлекеттік қызметті алушының дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі–сканерленген көшірмесі электрондық сұранымға тіркеледі;

4) мемлекеттік қызметті алушыны салық органына есепке қою туралы куәлігі–сканерленген көшірмесі электрондық сұрау салуға қоса беріледі;

5) осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес фармацевтикалық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес мәліметтер мен құжаттар – сканерленген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса б е р і л е д і .

6) жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат;

7) мемлекеттік қызметті алушының заңды тұлға ретіндегі мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі;

8) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін ЭҮТШ арқылы лицензиялық салым бюджетіне төлемді растайтын құжаттың көшірмесі.

Осы тармақтың 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттар туралы мәліметті уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден уәкілетті тұлға куәландырған ЭЦҚ электрондық құжат нысанында портал арқылы мемлекеттік а қ п а р а т т ы қ ж ү й е д е н а л а д ы .

Лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымша алу үшін мемлекеттік қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат түріндегі сұрау салу;

2) лицензия сканерлеген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса

б е р і л е д і ;

3) осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес фармацевтикалық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес мәліметтер мен құжаттар – сканерлеген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса беріледі.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін мемлекеттік қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады :

1) мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат түріндегі сұрау салу ;

2) лицензия немесе лицензияға қосымша сканерлеген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса беріледі;

3) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін ЭҮТШ арқылы лицензиялық салым бюджетіне төлемді растайтын құжат.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген құжат туралы мәліметті уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден уәкілетті тұлға куәландырған ЭЦҚ электрондық құжат нысанында порталдың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы алады.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш нысаны Министрліктің интернет-ресурсында: www.mz.gov.kz, сондай-ақ стенділерде және осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген уәкілетті органның күту залындағы арнайы бағанда орналастырылады.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін сұраным электрондық құжат нысанында сұрау салу толтырылады.

13. Құжаттарды қабылдау уәкілетті органның кеңсесі арқылы «бір терезе» қағидаты бойынша күн сайын аптасына бес рет дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Порталда электрондық сұрау салуды жөнелту мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетінен» жүзеге асырылады. Сұраным автоматты түрде мемлекеттік органға – таңдалған қызметке сәйкес мекенжайға жіберіледі.

14. Уәкілетті органда құжаттарды қабылдауды растау мемлекеттік қызметті алушыға талон беру болып табылады, мұнда құжаттың қабылданған күні мен уақыты, уәкілетті орган кеңсесі қызметкерінің тегі, аты-жөні көрсетіледі.

Портал арқылы өтініш берілген кезде, мемлекеттік қызметті алушыға порталдағы «жеке кабинетке» мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдаған күні мен уақыты мемлекеттік қызметтің нәтижесі көрсетілген сұранымды қабылдағаны туралы хабарлама - есеп жіберіледі.

15. Уәкілетті орган дайын құжаттарды беруді өтініш қабылдаған күні берілген талонда көрсетілген мерзімде жүзеге асырады.

Бұл ретте мемлекеттік қызметті алушыға ресімделген құжатты беру фактісі

құжаттарды беруді есепке алу журналында тіркеледі (мемлекеттік қызметті алушы журналға және талонға қол қояды).

Қызмет көрсетудің нәтижесі мемлекеттік қызметті алушыға порталдағы «жеке кабинетіне» жіберіледі.

16. Лицензия беруден бас тарту үшін егер:

1) осы субъектілердің санатына қызмет түрімен айналысу Қазақстан Республикасының заңымен тыйым салынған;

2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым енгізілмеу;

3) мемлекеттік қызметті алушы біліктілік талаптарына сай келмеген;

4) мемлекеттік қызметті алушыға лицензия беру келісу мемлекеттік органмен келісілмеген;

5) мемлекеттік қызметті алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болған;

6) сот орындаушысының ұсынымы негізінде өтініш берушінің лицензия алуына соттың тыйым салынған.

7) «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 40-бабында көзделген негіздер бар болған жағдайлар негіз болуы мүмкін.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруі тиіс. Ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі анықталған жағдайда лицензияр көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қарау туралы жазба түрде уәждеделген бас тарту береді.

Лицензияны беруден бас тарту кезінде уәкілетті орган өтініш берушіге лицензияны беру үшін белгіленген мерзімде жазбаша түрдегі уәждеделген жауап береді.

Егер уәкілетті орган осы стандартта белгіленген мерзімде мемлекеттік қызметті алушыға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны бермеген жағдайда немесе лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден уәждеделген бас тартуды ұсынбаған жағдайда оларды берудің мерзімі аяқталған күннен бастап лицензия және (немесе) лицензияға қосымша берілді деп есептеледі.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Орталықтың және уәкілетті органның қызметкерлері мемлекеттік қызметті ұсыну кезінде мына қағидаттарды:

1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауды;

2) заңдылықты сақтауды;

- 3) көрсетілетін қызмет жөніндегі толық ақпаратты ұсынуды;
4) с ы п а й ы л ы қ т ы ;
5) мемлекеттік қызметті алушының қарауға ұсынған құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуді;
6) ақпаратты қорғау және оның құпиялылығын басшылыққа алады.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызметті көрсететін орталықтың, уәкілетті органның жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапасы мен тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің тиісті бұйрығымен бекітіліп отырады.

5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті орган уәкілетті лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіреді және шағымды дайындауға көмек көрсетеді, шағымдар осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар мен телефондары бойынша жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталық (1414) телефон бойынша алуға болады.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша уәкілетті органның басшысының атына, сондай-ақ Астана қаласы, Сол жағалау, Орынбор көшесі, 8-үй, № 5 кіреберіс, 1142 кабинет, қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 74-32-79 мекенжайы бойынша Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті төрағасының атына беріледі.

22. Мемлекеттік қызметті алушыларға әдепсіз қызмет көрсеткен жағдайда шағым осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжай бойынша уәкілетті органның қызметкерлерінің әрекетіне олардың басшыларының атына беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Шағымдар пошта арқылы жазбаша түрде не жұмыс күндері уәкілетті органның кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Жеке тұлғаның шағымында—тегі, аты-жөні, әкесінің аты, пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның шағымында—оның атауы, пошталық мекенжайы,

шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Өтінішке мемлекеттік қызметті алушы қол қ о ю ы т и і с .

Шағымды беру кезінде іс-әрекетіне шағым жасалған лауазымды тұлғаның тегі мен аты-жөні, өтініш уәжі мен талаптары көрсетіледі.

Шағымға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі қоса беріледі.

25. Шағымды қабылдауды растау орналасқан жерлері осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген уәкілетті органның кеңсесінде (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) тіркеу болып табылады.

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 Заңында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Шағымды қарау нәтижелері туралы мемлекеттік қызметті алушыға тапсырыспен жіберілген пошта арқылы жазбаша түрде не қолма-қол қол қойып х а б а р л а н а д ы .

Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген уәкілетті органның алуға болады.

Портал арқылы хабарласқан кезде портал арқылы электрондық өтінішті жөнелткеннен кейін мемлекеттік қызметті алушыға «жеке кабинетінен» уәкілетті органда хабарламаларды өңдеу барысында өтініштер туралы жаңартылып отыратын ақпарат қолжетімді (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгі, қарау туралы немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

26. Қосымша ақпаратты министрліктің www.mz.gov.kz ресми сайтынан алуға болады.

« Д ә р і л і к з а т т а р д ы ң ,
медициналық мақсаттағы
бұйымдардың және медициналық
техниканың өндірісіне
байланысты фармацевтикалық
қызметке лицензия беру, қайта
ресімдеу, лицензияның
телнұсқаларын беру »
мемлекеттік қызмет стандартына
1-қосымша

Р/с №	Департаменттің атауы	Департаменттің орналасқан жері	Жұмыс кестесі	Аттестаттау, аккредиттеу және лицензиялау бөлімінің телефон нөмірі	Басшының телефон нөмірі
1	2	3	4	5	6

1	«Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінің медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау Комитеті» ММ (әрі қарай - Комитет)	Астана қаласы, Министрліктер үйі, 5 кіреберіс	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7172) 74-32-79	8(7172) 74-32-79
2	«Комитеттің Ақмола облысы бойынша департаменті» ММ	Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7162) 25-14-43	8(7162) 40-18-86 қабылдау бөлмесі
3	«Комитеттің Павлодар облысы бойынша департаменті» ММ	Павлодар қаласы, Лермонтов көшесі, 59	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7182) 55-02-86	8(7182) 55-57-09 қабылдау бөлмесі
4	«Комитеттің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Өскемен қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 9/1	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7232) 76-13-23	8(7232) 76-54-44 қабылдау бөлмесі
5	«Комитеттің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 215	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7112) 51-04-75	8(7112) 51-21-11 қабылдау бөлмесі
6	«Комитеттің Алматы облысы бойынша департаменті» ММ	Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 149.	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7282) 24-43-59	8(7282) 21-02-23 қабылдау бөлмесі
7	«Комитеттің Астана қаласы бойынша департаменті» ММ	Астана қаласы, Иманов көшесі, 19 «Алматы» бизнес-орталығы 11 қабат	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7172) 78-74-65	8(7172) 78-75-09 қабылдау бөлмесі
8	«Комитеттің Қостанай облысы бойынша департаменті» ММ	Қостанай қаласы, Баймағамбетов көшесі, 195	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7142) 54-36-26	8(7142) 54-98-90 қабылдау бөлмесі
9	«Комитеттің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 36	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7152) 46-97-39	8(7152) 36-02-22 қабылдау бөлмесі
10	«Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаменті» ММ	Алматы қаласы, Мәметова көшесі, 3	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7272) 73-06-80	8(7272) 71-32-89 қабылдау бөлмесі

11	«Комитеттің Қызылорда облысы бойынша департаменті» ММ	Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, № 13	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8 (7242) 23-45-34	8(7242) 23-48-97
12	«Комитеттің Атырау облысы бойынша департаменті» ММ	Атырау қаласы, Байтұрсынов көшесі, 53	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8 (7122) 27-31-94	8(7122) 27-31-94 қабылдау бөлмесі
13	«Комитеттің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» ММ	Ақтөбе қаласы, Селиверстов көшесі, 9Б (Тілеу батыр)	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7132) 50-15-28	8(7132) 50-15-61 қабылдау бөлмесі
14	«Комитеттің Қарағанды облысы бойынша департаменті» ММ	Қарағанды қаласы, Шахтерлар даңғылы, 78	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8 (7212) 79-29-86	8(7212) 33-42-48 қабылдау бөлмесі
15	«Комитеттің Жамбыл облысы бойынша департаменті» ММ	Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қазыбек би көшесі, 142 а	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8 (7262) 50-07-93 45-99-60	8(7262) 50-07-92 қабылдау бөлмесі
16	«Комитеттің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ	Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы, Н. Төреқұлов көшесі, н-3	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8(7252) 41-30-17	8(7252) 41-30-97
17	«Комитеттің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» ММ	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 9 шағын аудан, 23 үй	Жұмыс уақыты 9-00-ден 18-30 дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30 дейін	8 (7292) 42-09-47	8(7292) 42-09-47

«Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың өндірісіне байланысты фармацевтикалық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандартына
2-қосымша
Нысан

(лицензиялау органының толық атауы)

(заңды тұлғаның толық атауы)

ӨТІНІШ

Қазақстан Республикасының аумағына немесе оның аумағынан тыс

(қызмет (іс-әрекет) түрін көрсету)

жүзеге асыруға лицензия беруіңізді сұраймын

Ұйым

туралы

мәлімет:

1. Меншік нысаны _____

2. Құрылған жылы _____

(№, кім, қашан берілді)

3. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік _____

(№, кім және қашан берді)

4. Мекенжай _____

(индекс, қала, аудан, облыс. көше, үй №,

телефон, факс)

5. Есеп айырысу шоты _____

(шот №, банк атауы және орналасқан жері)

6. Өкілдіктің филиалдары _____

(орналасқан жері және деректемелері)

7. Қоса берілетін құжаттар:

Басшы _____

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

Мөр орны

«Дәрілік заттардың,

медициналық мақсаттағы

бұйымдардың және медициналық

техниканың өндірісіне

байланысты фармацевтикалық

қызметке лицензия беру, қайта

ресімдеу, лицензияның
телнұсқаларын беру»
мемлекеттік қызмет стандартына
3-қосымша
Нысан

(лицензиялау органының толық атауы)

(жеке тұлғаның толық аты-жөні)

ӨТІНІШ

Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның аумағынан тыс

(қызмет (әрекет) (түрін көрсету керек)
жүргізуге

лицензия беруіңізді сұраймыз.
Жеке тұлға жөніндегі мәлімет:

1. Туған жылы _____
2. Паспорт мәліметтері _____
(№, кім және қашан берді)

3. Білімі _____
(мамандығы болса, диплом (басқа құжат) №)

(оқу орнының атауы, аяқтаған жылы)
4. Шаруашылық субъектісінің тіркелгендігі туралы мәлімет (қажет жағдайда) _____

(№, кім және қашан берді)

5. Үйінің мекенжайы: _____

6. Жұмыс орны _____

7. Есеп шоты (бар болса) _____
(шот №, банк атауы мен орналасқан жері)

8. Қоса берілетін құжаттар:

(қолы)	(тегі, аты, әкесінің аты)
«Дәрілік заттардың,	
медициналық мақсаттағы	
бұйымдардың және медициналық	
техниканың өндірісіне	
байланысты	фармацевтикалық
қызметке лицензия беру,	қайта
ресімдеу, лицензияның	
телнұсқаларын беру»	
мемлекеттік қызмет	стандартына
4-қосымша	

Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың өндірісіне байланысты фармацевтикалық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру кезінде қойылатын біліктілік талаптары

Өндіруге байланысты фармацевтикалық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру кезінде қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:

1. Меншік құқығындағы үй-жай немесе ғимарат немесе үй-жайға (ғимаратқа) немесе оны жалдауға меншік құқығын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмелерімен расталған жалдау шарты (құжаттардың түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда салыстыру үшін нотариаттық расталған) немесе көрсетілген үй-жайдың ғимараттың қабаттық жоспары;

2. санитариялық-гигиеналық киім, өртке қарсы мүкәммал және персоналды қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігіне оқыту жөніндегі нұсқаулықтар;

3. нормативтік-құқықтық актілерге, оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы объектілердің үлгі ережелеріне сәйкес дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сапасын бақылауды және өндіру, дайындау, сақтау және өткізу шарттарын сақтауды қамтамасыз етуге арналған жабдық пен жиһаз, мүкәммал, аспаптар мен апаратура;

4. шалғайдағы ауылдық жерлерге арналған жылжымалы дәріхана пункті үшін дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау мен өткізу шарттарын сақтауды қамтамасыз ететін тиісті шкафтар мен тоңазытқыш

жабдықтар бар автомобиль көлігі;

5. мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік препараттарды дайындауды жүзеге асыратын дәріханаларында дайындалған дәрілік препараттарды құрылымдық бөлімшелерге бөлуге арналған қабылдау-экспедициялық үй-жай;

6. жеке және заңды тұлғаға арналған штаттық кесте;

7. тиісті білімі және (немесе) жұмыс өтілі бар фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын мамандар:

дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника шығарумен айналысатын бөлімшелердің басшыларында жоғары фармацевтикалық немесе химия-технологиялық, химиялық білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі немесе медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника шығарумен тікелей айналысатын бөлімшелердің басшыларында техникалық білімі;

дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сапасын бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлерде жоғары фармацевтикалық немесе химиялық, биологиялық білімі немесе медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сапасын бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлерде техникалық білімі;

дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы шығарудың технологиялық үдерісінде пайдаланылатын жабдықтарға қызмет көрсету жөніндегі маманның техникалық білімі;

« Д ә р і л і к з а т т а р д ы ң ,
м е д и ц и н а л ы қ м а қ с а т т а ғ ы
б ұ й ы м д а р д ы ң ж әне м е д и ц и н а л ы қ
т е х н и к а н ы ң ө н д і р і с і н е
б а й л а н ы с т ы ф а р м а ц е в т и к а л ы қ
қ ы з м е т к е л и ц е н з и я б е р у , қ а ы т а
р е с і м д е у , л и ц е н з и я н ы ң
т е л н ұ с қ а л а р ы н б е р у »
м е м л е к е т т і к қ ы з м е т с т а н д а р т ы н а
5-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қолжетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің алдағы жылдағы мақсатты мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1. Уақтылылығы			

1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап қызметті белгіленген мерзімде ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызмет көрсету үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қолжетімділігі			
3.1. Қызмет көрсету сапасына және оның тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электрондық форматта қол жеткізуге болатын қызметтердің %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

8

қ а з а н д а ғ ы

№

1 2 6 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

«Аудан орталықтарынан шалғайдағы елді мекендерде фармацевтикалық білімі бар маман болмаған жағдайда дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды бастапқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріхана пункттері арқылы және жылжымалы дәріхана пункттері арқылы өткізуді іске асыру үшін медициналық білімі бар мамандарды аттестаттау» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті мекенжайлары мен жұмыс кестелері осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің (бұдан әрі – уәкілетті орган) аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны - автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексінің 45 және 46-баптарының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің www.mz.gov.kz интернет-ресурсында, ресми ақпарат көздерінде, уәкілетті органның үй-жайларында орналасқан стенділерде, ақпараттық тақталарда орналастырылады.

5. Мемлекеттік көрсету нәтижесі анықтама (аттестаттық парақ) немесе бастарту себептері көрсетілген жазбаша түрдегі уәждеделген жауап беруі болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет аудан орталықтарынан шалғайдағы елді мекендерде фармацевтикалық білімі бар маман болмаған жағдайда дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды бастапқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріхана пункттері арқылы және жылжымалы дәріхана пункттері арқылы өткізуді іске асыру құқығына үміткер жеке тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері мен кезеңдері:

1) аттестаттау комиссиясы аттестатталатын тұлғаларды оның өткізілу уақытынан бір ай бұрын жазбаша түрде хабардар етеді;

2) аттестаттау комиссиясының шешімі аттестаттау өткізілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде уәкілетті орган басшысының бұйрығымен бекітіледі;

3) құжаттарды тапсыру үшін күтуге рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - отыз минут;

4) құжаттарды алу кезінде күтуге рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - отыз минут;

5) ұсынылған құжаттарды алынған сәттен бастап олардың толықтығын тексеруді уәкілетті органның қызметкері екі жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Бұдан әрі уәкілетті орган осы негіз бойынша мемлекеттік қызметті ұсынудан бастартуға құқығы жоқ.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Уәкілетті органның жұмыс кестесі: күн сайын дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9-00-ден 18-30-ға дейін, сағат 13-00-ден 14-30-ға дейін түскі үзіліспен көрсетіледі; демалыс: сенбі, жексенбі және «Қазақстан Республикасындағы мереке туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 267 Заңына сәйкес мереке күндері.

Құжаттарды қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік қызмет уәкілетті органның ғимаратында көрсетіледі.

Уәкілетті органның үй-жайларында қажетті құжаттардың тізбесі бар. Стенділермен және оларды толтыру үлгілерімен, нормативтік құқықтық актілерден алынған үзінділермен (көшірмелерімен) жарақтандырылған күту және құжаттарды әзірлеу орындары бар. Мүмкіндігі шектеулі мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсету үшін жағдайлар көзделген.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушылар уәкілетті органға мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) жоғары немесе орта медициналық білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 3) мамандығы бойынша еңбек өтілінің бар екендігін растайтын құжаттардың көшірмесі немесе қызметтік тізім;
- 4) соңғы 5 жылда фармация саласындағы мәселелер оқу бағдарламасына енгізілген біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы куәлік көшірмелері.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініштің нысаны Денсаулық сақтау министрлігінің www.mz.gov.kz, интернет-ресурсында, сондай-ақ уәкілетті органның үй-жайларында орналасқан күту залындағы арнайы бағанда орналастырылады.

13. Уәкілетті органда құжаттарды қабылдау осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжай мен уақыты бойынша кеңсе арқылы «бір терезе» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызметтің ішкі тәртібі:

1) уәкілетті органның кеңсесі қабылдаған құжаттар тіркеледі, бақылауға алынады, уәкілетті орган басшысы бір жұмыс күні ішінде жауапты орындаушыға жібереді.

2) мемлекеттік қызметті алушы бекітілген кестеге сәйкес тестілеуден және әңгімелесуден өтеді.

Аттестаттаудан оң нәтижемен өткеннен кейін:
Анықтама (аттестаттық парақ) беру.

14. Осы стандарттың 11-тармағына сәйкес уәкілетті органға құжаттарды тапсырғаннан кейін мемлекеттік қызметті алушыға тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі, онда:
сұрау салудың нөмірі және қабылдаған күні;
сұратылатын мемлекеттік қызметтің түрі;
қоса берілген құжаттардың саны мен атаулары;
құжаттарды беру күні, уақыты және орны;

құжатты ресімдеуге өтініш қабылдаған уәкілетті орган қызметкерінің тегі,
а т ы , ә к е с і н і ң а т ы .

15. Мемлекеттік қызметті алушыға дайын құжаттарды беру құжаттарды қабылдау туралы қолхат негізінде жеке өзі келген кезде қолма-қол жүзеге а с ы р ы л а д ы .

16. Анықтаманы (аттестаттау парағын) беруден бас тарту үшін аттестаттаудан өтудің теріс нәтижесі негіз болып табылады.

15. Мемлекеттік қызметті алушыға дайын құжаттарды беру осы стандартқа 14-тармаққа сәйкес құжаттарды қабылдау туралы қолхат негізінде, жеке өзі келген кезде департамент қызметкері қолма-қол жүзеге асырады.

Егер мемлекеттік қызметті алушы уақытында келмеген болса, Департамент олардың бір ай ішінде сақталуын қамтамасыз етеді.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға: клиникалық зерттеулерге ұсынылған материалдарды бағалау нәтижесі бойынша сараптау ұйымының теріс ұсынысы негіз болып табылады.

Департамент комитеттің шешімін алған күннен бастап мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту себебі туралы (екі жұмыс күніне аспайтын мерзімде) жазбаша түрде хабарлайды.

Егер департамент осы стандартпен белгіленген мерзімде мемлекеттік қызметті алушыға рұқсат беру құжатын бермеген кезде немесе уәждеделген бас тартуды ұсынбаған кезде оларды берудің мерзімі аяқталған күннен бастап рұқсат беру құжаты берілді деп есептеледі.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Министрліктің, комитеттің, департаменттің және сараптау ұйымының қызметі мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады :

- 1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) заңдылықты сақтау;
- 3) көрсетілетін қызмет жөніндегі толық ақпаратты ұсыну;
- 4) сыпайылық;
- 5) мемлекеттік қызметті алушының қарауға ұсынған құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 6) ақпаратты қорғау және оның құпиялылығы.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Министрліктің, комитеттің, департаменттің, сараптау ұйымының жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапасы мен тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын осы мемлекеттік қызметтің стандарттарын әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның тиісті бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Комитеттің лауазымды тұлғасы: g.basibekova@mz.gov.kz, электрондық пошта мекенжайы 8 (7172) 74-32-79 телефоны бойынша, шағым жасау тәртібін түсіндіреді және шағымды дайындауға көмек көрсетеді.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым Комитет төрағасының атына береді, электрондық мекенжайы: g.basibekova@mz.gov.kz, телефон 8 (7172) 74-32-79, кабинет нөмірі интернет-ресурста көрсетілген. Комитеттің күнделікті жұмыс кестесі жұмыс

күндері сағат 9-00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі және мереке күндері.

22. Әдепсіз қызмет көрсеткен жағдайда шағым комитет төрағасының атына беріледі. Шағым ерікті түрде жазылады.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Шағым мемлекеттік қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметпен келіспеу, әдепсіз қызмет көрсету себебін көрсете отырып ерікті түрде жазылған өтінішті ұсынады.

25. Қабылданған шағым мемлекеттік қызметті алушылардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі, мемлекеттік қызметті алушыға құжаттың қабылданған күні мен уақыты, жауапты алу мерзімі мен орны, шағымның қаралуы туралы ақпаратты алуға болатын лауазымдық тұлғаның байланыс деректері көрсетілген талон беріледі. Шағым «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 Заңымен белгіленген тәртіппен қаралады.

Шағымды қарау нәтижелері туралы мемлекеттік қызметті алушыға пошта арқылы жазбаша түрде немесе электрондық пошта арқылы, не қолма-қол беріледі.

26. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша барлық қажетті ақпаратты мемлекеттік қызметті алушы комитеттің немесе сарапшылық ұйымының www.mz.gov.kz, www.dari.kz мекенжайы бойынша интернет-ресурстарынан таба алады.

«Фармакологиялық және дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға клиникалық зерттеулер және (немесе) сынаулар жүргізуге рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

Клиникалық зерттеулер жүргізуге өтініш

1. Клиникалық зерттеу және/немесе сынау үшін зерттелетін үлгінің саудалық атауы / жобасы

2. Дәрілік препарат түпнұсқа немесе жаңғыртылған (қажеттісін белгілеу
қ а ж е т) б о л ы п т а б ы л а д ы

3. Халықаралық патенттелмеген атауы (бұдан әрі - ХПА) немесе көп
компонентті ДЗ барлық белсенді заттарының ХПА;
бақылауға жататын фармакологиялық және дәрілік заттар үшін:
Қазақстан Республикасында бақылауға жататын белсенді заттардың
х и м и я л ы қ а т а у ы :

Дәрілік өсімдік шикізаты (терімі) үшін - барлық оған кіретін өсімдіктердің
б о т а н и к а л ы қ а т а у л а р ы

4. Дәрілік нысаны, дозасы, концентрациясы, көлемі, енгізу тәсілі

5. Қаптама және оның қысқаша сипаттамасы (бар болған жағдайда):
Б і р і н ш і л і к

Е к і н ш і л і к

Тапсырыс беруші (қажеттісін толтыру қажет):
1) З а ң д ы т ұ л ғ а
толық атауы (отандық және ТМД елдерінің компаниялары үшін мемлекеттік
және орыс тілдерінде, шетелдік үшін – ағылшын, орыс тілдерінде)

Б а с ш ы

З а ң д ы м е к е н ж а й ы

О р н а л а с қ а н ж е р і

Т е л е ф о н , ф а к с , Е - m a i l

ө н д і р у ш і е л

2) Ж е к е т ұ л ғ а
О р н а л а с қ а н м е к е н ж а й ы

Т е г і , а т ы , ә к е с і н і ң а т ы

Т е л е ф о н ,

ф а к с ,

Е - m a i l

7. Клиникалық зерттеуге/сынауға жіберілетін сыналған үлгінің қай жерде дайындалғаны туралы мәлімет

8. Дәрілік препараттың толық сапалы және көлемді құрамы

Заттек	Дәрілік нысанының бірлігіне арналған саны (Гомеопатикалықтар үшін - 100 г)	Өндіруші, Компания атауы, Орналасқан мекенжайы
Белсенді заттар:		
1.		
2.		
3. және т.б.		
Қосалқы заттар:		
1.		
2.		
3. және т.б.		
Капсулалар мен қабықшалар құрамы		

Ескертпе: Дәрілік нысанның 1 бірлігіне салмақ бірліктерінде (г, мг, мг/кг), биологиялық бірліктерде, концентрация бірліктерінде (пайызбен, мг/мл).

Дәрілік өсімдік шикізаты үшін:

Дәрілік өсімдік шикізаты (терім)	өндіруші-ұйым, орналасу мекенжайы
Терім құрамына кіретін өсімдіктердің ботаникалық латын атаулары	
1.	
2. және т.б.	

9. Дәрілік заттың құрамына кірген адам немесе жануар тектес затты көрсету қ а ж е т

Дәрілік өсімдік шикізаты үшін егілген және өсірілген жерін көрсету керек: ж а б а й ы ө с к е н н е м е с е ө с і р і л г е н

10. Негізгі фармакологиялық әсері (гомеопатикалық препараттардан басқасы)

11. Қолдану саласы (зерттелу үлгісі профилактикалық, диагностикалық немесе емдеу құралы ретінде ұсынылатын ауру түрлерін көрсету қажет)

12. Өндіруші мемлекетте немесе басқа мемлекетте тіркелуі (елдер тізбесі) (

егер бар болса) _____
13*. Клиникалық зерттеулерді өткізу жоспарланып отырған клиникалық база/
л а р

14. Жауапты зерттеуші/лер
Т.А.Ә. _____

Лауазымы _____

Ғылыми дәрежесі _____

Атағы _____

Ғылыми еңбектер тізімі

15. Зерттеуші-үйлестіруші (халықаралық көпорталықтық клиникалық
зерттеулер жағдайында)
Т.А.Ә. _____

Лауазымы _____

Ғылыми дәрежесі _____

Атағы _____

Ғылыми еңбектер тізімі

16. Зерттеуші
Т.А.Ә. _____

Лауазымы _____

Ғылыми дәрежесі _____

Атағы _____

Ғылыми еңбектер тізімі _____

17. Жоспарланған клиникалық зерттеулер түрлері мен көлемдері

Тапсырыс беруші: _____ клиникалық
зерттеулер жүргізуге ұсынылған материалдардағы ақпараттың шынайылығы мен
толықтығына _____ кепілдік _____ беремін.

Зерттеулерді клиникалық зерттеулер хаттамасына, операциялық рәсімдер
стандарттарына сәйкес бекітілген клиникалық базаларда жүргізуге міндеттенемін
.

Толтырған күні: _____ Тапсырыс берушінің қолы
« ____ » _____ 20 ____ ж. _____ мөр

*- тапсырыс беруші клиникалық базаны/ларды уәкілетті органмен бекітілген
клиникалық базалар тізімінен таңдап алады.

«Фармакологиялық _____ және _____ дәрілік
заттарға, _____ медициналық
мақсаттағы _____ бұйымдар _____ мен
медициналық _____ техникаға
клиникалық _____ зерттеулер _____ және
(немесе) _____ сынаулар _____ жүргізуге
рұқсат _____ беру»
мемлекеттік _____ қызмет _____ стандартына
2-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қолжетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің алдағы жылдағы мақсатты мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1. Уақтылылығы			
1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап қызметті белгіленген мерзімде ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызмет көрсету үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қолжетімділігі			
3.1. Қызмет көрсету сапасына және оның тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электрондық форматта қол жеткізуге болатын қызметтердің %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			

5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

8

қ а з а н д а ғ ы

№

1 2 6 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

«Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелуді/әкетуді келісу» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.02.2013 N 156 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызмет мекенжайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті (бұдан әрі – Комитет) немесе оның аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ мемлекеттік қызметті тұтынушыда электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) болса, «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.e.gov.kz немесе «Е-лицензиялау» веб-порталы www.elicense.kz арқылы (бұдан әрі – Портал) көрсетіледі.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексі 80-бабының, «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 29-бабының, «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелу және әкету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 мамырдағы № 711 қаулысының негізінде көрсетіледі.

Дәрілік заттар мен фармацевтикалық субстанцияларды (бұдан әрі – дәрілік заттар) Кеден одағына қатысушы мемлекеттер болып табылмайтын мемлекеттерден әкелу Мемлекет басшыларының деңгейінде ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің (Кеден одағының жоғары органы) 2009 жылғы 27

қарашадағы № 19 шешімімен; Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 16 тамыздағы № 748 шешімімен бекітілген Дәрілік заттар мен фармацевтикалық субстанцияларды Кеден одағының кедендік аумағына әкелу тәртібі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің www.mz.gov.kz интернет – ресурсында;

2) www.e.gov.kz, www.elicense.kz порталдарында;

3) осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша Комитеттің немесе оның аумақтық бөлімшелерінің ғимаратындағы стенділерде және ақпараттық тақталарда орналастырылады.

Жеке, заңды тұлғалар Портал арқылы жүгінген жағдайда өтініш электронды түрде ресімделеді, мемлекеттік қызметті тұтынушының ЭЦҚ-мен куәландырылады.

Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат call-орталықтың (1414) телефоны арқылы да ұсынылуы мүмкін.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі:

1) Комитетте және оның аумақтық бөлімшелерінде:

Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелуге/әкетуге келісу хатын беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша түрдегі дәлелді жауап болып табылады;

2) порталда:

Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелуге/әкетуге келісу не уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ куәландырылған мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы электронды түрдегі дәлелді жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы Қазақстан Республикасының аумағына немесе Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге әкелуді/әкетуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – тұтынушы) көрсетіледі.

7. Қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелуге арналған өтінішті қарау мерзімі тоғыз жұмыс күнін;

2) Қазақстан Республикасында дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкетуге рұқсатты алуға арналған өтінішті

қарау мерзімі бес жұмыс күнін құрайды.

Комитеттің немесе оның аумақтық бөлімшесінің қызметкері құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады.

Бұдан әрі Комитеттің және оның аумақтық бөлімшелерінің аталған негіз бойынша мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартуға құқығы жоқ.

Тұтынушы өтініш жасаған күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу кезінде құжаттарды тапсыру үшін рұқсат етілген күтудің ең ұзақ уақыты – отыз минутты құрайды.

Тұтынушы өтініш жасаған күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызмет тұтынушысына қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – отыз минутты құрайды.

П о р т а л д а :

1) Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелуге арналған өтінішті қарау мерзімі бес жұмыс күнін;

2) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелуге рұқсатты алуға арналған өтінішті қарау мерзімі үш жұмыс күнін құрайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Комитеттің және оның аумақтық бөлімшелерінің жұмыс кестесі:

1) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Қабылдау кезек тәртібімен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін алдын ала жазылусыз жүзеге асырылады;

2) Порталда қабылдау мемлекеттік қызметті тұтынушының «жеке кабинетінде» «электрондық кезек» тәртібімен жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

Порталдың жұмыс кестесі – тәулік бойы.

10. Комитетте немесе оның аумақтық бөлімшелерінде үй-жайлардың қауіпсіздік талаптарына сай келетін мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған үй-жайлар, күту және құжаттарды толтыру орындары бар. Үй-жай қажетті құжаттардың тізбесі мен оларды толтыру үлгілері, нормативтік құқықтық актілерден үзінділері (үзінді көшірмелері) бар стендтермен жабдықталған.

Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдайлар (лифтілер мен пандустар) жасалған.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген дәрілік заттарды әкелуге келісу үшін Комитетке немесе портал арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) клиникалық зерттеулерді және (немесе) сынақтарды жүргізу үшін:
Комитетке жүгінген кезде:
өтініш;

жеке тұлғалар үшін - дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;

мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылған шарттың (келісімшарттың) немесе инвойстың (жүкқұжаттың) көшірмесі;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның дәрілік заттарды клиникалық зерттеуді жүргізуге рұқсат беруге арналған бұйрығының көшірмесі;

клиникалық зерттеулерді жүргізуге арналған дәрілік заттардың сапасын растайтын өндіруші құжаттарының көшірмелері;
ұсынылатын құжаттардың тізімдемесі.

Порталға жүгінген кезде:
өтініш;

мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылған шарт (келісімшарт) немесе инвойс (жүкқұжат) – электрондық құжат түрінде;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның дәрілік заттарды клиникалық зерттеуді жүргізуге рұқсат беруге арналған бұйрығының көшірмесі – құжаттың электрондық көшірмесі түрінде;

клиникалық зерттеулерді жүргізуге арналған дәрілік заттардың сапасын растайтын өндіруші құжаттары – құжаттың электрондық көшірмесі түрінде;

2) ізгілік көмек көрсету үшін:
Комитетке жүгінген кезде:
өтініш;

жеке тұлғалар үшін - дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;

облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының немесе медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдарының жүктің коммерциялық емес мақсатта пайдаланылуын бақылау жөніндегі міндеттемесімен осы ізгілік акциясын қолдау туралы хаты;
алушының мекенжайына жіберілген жүктің ізгілік сипатын растайтын,

мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар құжат;
ізгілік көмекті мақсатты пайдалану (бөлу) жоспары;
ұсынылатын құжаттардың тізімдемесі.
Портал арқылы жүгінген кезде:
ө т і н і ш ;

облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының немесе медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдарының жүктің коммерциялық емес мақсатта пайдаланылуын бақылау жөніндегі міндеттемесімен осы ізгілік акциясын қолдау туралы хаты – құжаттың электрондық көшірмесі түрінде;

алушының мекенжайына жіберілген жүктің ізгілік сипатын растайтын, мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар құжат – электрондық құжат түрінде ;

ізгілік көмекті мақсатты пайдалану (бөлу) жоспары - электрондық құжат түрінде ;

3) төтенше жағдайлар салдарының алдын алу және/немесе жою үшін:

Комитетке жүгінген кезде:
ө т і н і ш ;

жеке тұлғалар үшін – дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;

шарттың (келісімшарттың) немесе инвойстың (жүкқұжаттың) мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар көшірмесі;

төтенше жағдайлар туралы жергілікті атқарушы органдардың хаты;

ұсынылатын құжаттардың тізімдемесі.

Портал арқылы жүгінген кезде:
ө т і н і ш ;

мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар шарт (келісімшарт) немесе инвойс (жүкқұжат) – электрондық құжат түрінде;

жергілікті атқарушы органдардың төтенше жағдай туралы хаты – құжаттың электрондық көшірмесі түрінде .

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген дәрілік заттарды әкелуді келісу үшін (11-тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларын қоспағанда) жеке немесе заңды тұлғалар Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне мынадай құжаттарды ұ с ы н а д ы :

Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне жүгінген кезде:
ө т і н і ш ;

дәрілік заттарды өндірумен байланысты немесе дәрілік заттарды көтерме

саудада өткізумен байланысты қызметтің кіші түріне арналған қосымшасы бар фармацевтикалық қызметпен айналысуға берілген лицензияның көшірмесі немесе денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық қызметті жүзеге асыруына арналған лицензияның көшірмесі (дәрілік заттарды денсаулық сақтау ұйымы әкелген жағдайда) ;

есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналысы саласындағы қызмет түрлерімен айналысуға берілген лицензияның және оған қосымшаның көшірмелерін (құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлары бар дәрілік заттарды әкелген жағдайда);

әкелінетін дәрілік заттарды Қазақстан Республикасының аумағында ғана өткізу туралы ережелер көрсетілген шарттың (келісімшарттың) көшірмесі, сондай-ақ өндіруші мен өндірушінің елі және дәрілік заттарды өндіруші ел көрсетілген сипаттаманың мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар көшірмесі ;

жеке тұлғалар үшін - дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;

дәрілік заттарды үшінші елдің аумағынан әкелуге дистрибьюторлық құқықтарды растайтын өндіруші немесе оның уәкілетті өкілдігі берген құжаттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар көшірмесі; ұсынылатын құжаттардың тізімдемесі.

Портал арқылы жүгінген кезде:
ө т і н і ш ;

дәрілік заттарды өндірумен байланысты немесе дәрілік заттарды көтерме саудада өткізумен байланысты қызметтің кіші түріне арналған қосымшасы бар фармацевтикалық қызметпен айналысуға берілген лицензия немесе денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық қызметті жүзеге асыруына берілген лицензияның көшірмесі (дәрілік заттарды денсаулық сақтау ұйымы әкелген жағдайда) – «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқорында (бұдан әрі – ЕЛ МДҚ) мәліметтер болмаған жағдайда құжаттың электрондық көшірмесі түрінде;

есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналысы саласындағы қызмет түрлерімен айналысуға берілген лицензия және оған қосымша (құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлары бар дәрілік заттарды әкелген жағдайда) - ЕЛ МДҚ мәліметтер болмаған жағдайда құжаттың электрондық көшірмесі түрінде;

әкелінетін дәрілік заттарды Қазақстан Республикасының аумағында ғана өткізу туралы ережелер көрсетілген шарт (келісімшарт), сондай-ақ өндіруші мен өндірушінің елі және дәрілік заттарды өндіруші ел көрсетілген сипаттаманың мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар көшірмесі – электрондық

қ ұ ж а т

т ү р і н д е ;

дәрілік заттарды үшінші елдің аумағынан әкелуге дистрибьюторлық құқықтарды растайтын өндіруші немесе оның уәкілетті өкілдігі берген, мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар құжат – құжаттың электрондық көшірмесі түрінде.

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелмеген дәрілік заттарды әкелуге арналған рұқсатты ресімдеу үшін жеке немесе заңды тұлғалар Комитетке мынадай құжаттарды ұсынады:

1) клиникалық зерттеулерді және (немесе) сынақтарды жүргізу үшін:

Комитетке жүгінген кезде:

ө т і н і ш ;

жеке тұлғалар үшін - дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;

мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар шарттың (келісімшарттың) немесе инвойстың (жүкқұжаттың) көшірмесі;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның дәрілік заттарды клиникалық зерттеуді жүргізуге рұқсат беруге арналған бұйрығының көшірмесі;

клиникалық зерттеулер жүргізуге арналған дәрілік заттардың сапасын растайтын өндіруші құжаттарының көшірмелері;

ұсынылатын құжаттардың тізімдемесі.

Портал арқылы жүгінген кезде:

ө т і н і ш ;

мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар шарт (келісімшарт) немесе инвойс (жүкқұжат) – электрондық құжат түрінде;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның дәрілік заттарды клиникалық зерттеуді жүргізуге рұқсат беруге арналған бұйрығы – құжаттың электрондық көшірмесі түрінде;

клиникалық зерттеулер және (немесе) сынақтар жүргізуге арналған дәрілік заттардың сапасын растайтын, мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасы бар өндіруші құжаттары – құжаттың электрондық көшірмесі түрінде;

2) сараптама жүргізу, мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және оларды тіркеу құжатына өзгерістер енгізу үшін дәрілік заттардың үлгілерін әкелген кезде:

Комитетке жүгінген кезде:

ө т і н і ш ;

аталған үлгілерді Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге және оларды тіркеу құжатына өзгерістер енгізуге ұсыну туралы кепілдеме міндеттеме;

дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық

техниканың айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымымен келісілген мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және оларды тіркеу құжатына өзгерістер енгізу кезінде сараптама жүргізу үшін дәрілік заттар санының есебі; мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасы бар инвойстың (жүкқұжаттың) көшірмесі;

ұсынылатын құжаттардың тізімдемесі.

Портал арқылы жүгінген кезде:
өтініш;

аталған үлгілерді Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге және оларды тіркеу құжатына өзгерістер енгізуге ұсыну туралы кепілдеме міндеттеме – электрондық құжат түрінде;

дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымымен келісілген мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және оларды тіркеу құжатына өзгерістер енгізу кезінде сараптама жүргізу үшін дәрілік заттар санының есебі - құжаттың электрондық көшірмесі түрінде;

мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасы бар инвойстың (жүкқұжаттың) көшірмесі - электрондық құжат түрінде;

3) оларды кейіннен өткізу құқығынсыз дәрілік заттардың көрмесін өткізу үшін:

Комитетке жүгінген кезде:
өтініш;

көрмені ұйымдастырушының өтініш иесінің көрмеге қатысуы туралы жазбаша растауы;

шарттың (келісімшарттың) немесе инвойстың (жүкқұжаттың) мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар көшірмесі; ұсынылатын құжаттардың тізімдемесі.

Портал арқылы жүгінген кезде:
өтініш;

көрмені ұйымдастырушының өтініш иесінің көрмеге қатысуы туралы жазбаша растауы – құжаттың электрондық көшірмесі түрінде;

мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар шарт (келісімшарт) немесе инвойс (жүкқұжат) - электрондық құжат түрінде;

4) сирек кездесетін және (немесе) аса ауыр ауруларды жеке емдеу, нақты пациентке өмірлік айғақтар бойынша медициналық көмек көрсету үшін:

Комитетке жүгінген кезде:
өтініш;

дәрілік заттарды көтерме саудада өткізумен байланысты қызметтің кіші түріне арналған қосымшасы бар фармацевтикалық қызметпен айналысуға

берілген лицензияның көшірмесі немесе денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық қызметті жүзеге асыруына арналған лицензияның көшірмесі (дәрілік заттарды денсаулық сақтау ұйымы әкелген жағдайда);

жеке тұлғалар үшін - дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;

облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының немесе медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдардың дәрілік заттардың негіздемесі бар және саны есептелген хаты;

мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасы бар шарттың (келісімшарттың) немесе инвойстың (жүкқұжаттың) көшірмесі;

дәрілік заттардың сапасын растайтын өндіруші құжатының мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар көшірмесі;
ұсынылатын құжаттардың тізімдемесі;

Портал арқылы жүгінген кезде:
ө т і н і ш ;

дәрілік заттарды көтерме саудада өткізумен байланысты қызметтің кіші түріне арналған қосымшасы бар фармацевтикалық қызметпен айналысуға берілген лицензия немесе денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық қызметті жүзеге асыруына арналған лицензияның көшірмесі (дәрілік заттарды денсаулық сақтау ұйымы әкелген жағдайда) – ЕЛ МДҚ мәліметтер болмаған жағдайда құжаттың электрондық көшірмесі түрінде;

облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының немесе медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік заттардың негіздемесі бар және саны есептелген хаты – құжаттың электрондық көшірмесі түрінде ;

мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар шарт (келісімшарт) немесе инвойс (жүкқұжат) – электрондық құжат түрінде;

дәрілік заттардың сапасын растайтын, мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар өндіруші құжаты – құжаттың электрондық көшірмесі түрінде;

5) төтенше жағдайлардың алдын алу және/немесе салдарын жою үшін:

Комитетке жүгінген кезде:
ө т і н і ш ;

жеке тұлғалар үшін - дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;

мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар шарттың (келісімшарттың)

немесе инвойстың (жүкқұжаттың) көшірмесі;
жергілікті атқарушы органдардың төтенше жағдай туралы хаты;
ұсынылатын құжаттардың тізімдемесі.

Портал арқылы жүгінген кезде:
ө т і н і ш ;

мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар шарт (келісімшарт) немесе
инвойс (жүкқұжат) – электрондық құжат түрінде;
жергілікті атқарушы органдардың төтенше жағдай туралы хаты – құжаттың
электрондық көшірмесі түрінде;

б) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған жағдайларда ізгілік
к ө м е к к ө р с е т у ү ш і н :
Комитетке жүгінген кезде:
ө т і н і ш ;

жеке тұлғалар үшін - дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)
туралы куәліктің көшірмесі немесе заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу (қайта
тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;

облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың
денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының және
медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдарының жүктің
коммерциялық емес мақсатта пайдаланылуын бақылау жөніндегі
міндеттемесімен осы ізгілік акциясын қолдау туралы хаты;

алушының мекенжайына жіберілген жүктің ізгілік сипатын растайтын,
мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар құжат;
ізгілік көмекті мақсатты пайдалану (бөлу) жоспары;

әкелінетін дәрілік заттардың сапасын растайтын, мемлекеттік немесе орыс
тілдеріне аудармасы бар құжат;
ұсынылатын құжаттардың тізімдемесі.

Портал арқылы жүгінген кезде:
ө т і н і ш ;

облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың
денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының және
медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдарының жүктің
коммерциялық емес мақсатта пайдаланылуын бақылау жөніндегі
міндеттемесімен осы ізгілік акциясын қолдау туралы хаты – құжаттың
электрондық көшірмесі түрінде;

алушының мекенжайына жіберілген жүктің ізгілік сипатын растайтын,
мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар құжат – электрондық құжат
т ү р і н д е ;

ізгілік көмекті мақсатты пайдалану (бөлу) жоспары – электрондық құжат

т ү р і н д е ;

әкелінетін дәрілік заттардың сапасын растайтын, мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар құжат – құжаттың электрондық көшірмесі түрінде;

7) тиісті өндірістік практика жағдайларында өндірілген, тіркелмеген дәрілік субстанцияларды әкелу үшін:
Комитетке жүгінген кезде:
ө т і н і ш ;

дәрілік заттарды өндірумен немесе дәрілік заттарды көтерме саудада өткізумен байланысты қызметтің кіші түріне арналған қосымшасы бар фармацевтикалық қызметпен айналысуға берілген лицензияның көшірмесі немесе медициналық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның көшірмесі;

әкелінетін дәрілік заттарды Қазақстан Республикасының аумағында ғана өткізу туралы ережелер көрсетілген шарттың (келісімшарттың) көшірмесі, сондай-ақ өндіруші мен өндірушінің елі және дәрілік заттардың өндіруші елі көрсетілген, мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар сипаттаманың к ө ш і р м е с і ;

жеке тұлғалар үшін - дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;

дәрілік субстанцияларды үшінші елдің аумағынан әкелуге дистрибьюторлық құқықтарды растайтын өндіруші немесе оның уәкілетті өкілдігі берген құжаттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар көшірмесі;

соңғы инспекция күні көрсетілген өндірістің тиісті өндірістік практика талаптарына сәйкестігін растайтын мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасы бар сертификаттың көшірмесі;
ұсынылатын құжаттардың тізімдемесі.
Портал арқылы жүгінген кезде:
ө т і н і ш ;

дәрілік заттарды өндірумен немесе дәрілік заттарды көтерме саудада өткізумен байланысты қызметтің кіші түріне арналған қосымшасы бар фармацевтикалық қызметпен айналысуға берілген лицензия немесе медициналық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия – ЕЛ МДҚ мәліметтер болмаған жағдайда құжаттың электрондық көшірмесі түрінде;

әкелінетін дәрілік заттарды Қазақстан Республикасының аумағында ғана өткізу туралы ережелер көрсетілген шарт (келісімшарт), сондай-ақ дәрілік заттардың өндірушісі мен өндіруші елі көрсетілген сипаттамасының мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар көшірмесі – электрондық құжат түрінде;

үшінші елдің аумағынан дәрілік субстанцияларды әкелуге дистрибьюторлық құқықтарды растайтын, мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар

өндіруші немесе оның уәкілетті өкілдігі берген құжат – құжаттың электрондық көшірмесі түрінде ;

соңғы инспекция күні көрсетілген, өндірістің тиісті өндірістік практика талаптарына сәйкестігін растайтын мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасы бар сертификат – құжаттың электрондық көшірмесі түрінде.

Қазақстан Республикасының аумағына тіркелген медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы әкелуді келісуді Комитеттің аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады .

Ізгілік көмегін көрсету, төтенше жағдайлардың алдын алу және/немесе олардың салдарын жоюға арналған тіркелген медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді келісуді, Қазақстан Республикасының аумағында тіркелмеген медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелуге рұқсат беруді Комитет жүзеге асырады .

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы әкелуге келісу үшін жеке және заңды тұлғалар Комитетке немесе оның аумақтық бөлімшелеріне мынадай құжаттарды ұсынады :

1) тіркелген медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы әкелу үшін :
аумақтық бөлімшелерге жүгінген кезде:
өтінші ;

медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы өндірумен байланысты қызметтің кіші түріне арналған қосымшасы бар фармацевтикалық қызметпен айналысуға арналған лицензияның көшірмесі немесе медициналық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның көшірмесі (медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы денсаулық сақтау ұйымы әкелген жағдайда) және (немесе) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның хабарламаны қабылдау туралы талоны не халыққа қызмет көрсету орталығының қабылдау туралы белгісі бар хабарлама көшірмесі немесе медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы көтерме саудада өткізуге арналған электрондық құжат нысанындағы талон;

әкелінетін медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы Қазақстан Республикасының аумағында ғана өткізу туралы ережелер көрсетілген шарттың (келісімшарттың) көшірмесі, сондай-ақ медициналық мақсаттағы бұйымдардың, медициналық техниканың өндірушісі мен өндіруші елі көрсетілген сипаттаманың мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар көшірмесі ;

жеке тұлғалар үшін – дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)

туралы куәліктің көшірмесі немесе заңды тұлғалар үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;
 үшінші елдің аумағынан медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы әкелуге дистрибьюторлық құқықтарды растайтын өндіруші немесе оның уәкілетті өкілдігі берген құжаттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар көшірмесі;
 ұсынылатын құжаттардың тізімдемесі.
 Портал арқылы жүгінген кезде:
 ө т і н і ш ;

медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы өндірумен байланысты қызметтің кіші түріне арналған қосымшасы бар фармацевтикалық қызметпен айналысуға арналған лицензия немесе медициналық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның көшірмесі (медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы денсаулық сақтау ұйымы әкелген жағдайда) және (немесе) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның хабарламаны қабылдау туралы талоны не халыққа қызмет көрсету орталығының қабылдау туралы белгісі бар хабарлама көшірмесі немесе медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы көтерме саудада өткізуге арналған электрондық құжат нысанындағы талон – ЕЛ МДҚ мәліметтер болмаған жағдайда құжаттың электрондық көшірмесі түрінде;

әкелінетін медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы Қазақстан Республикасының аумағында ғана өткізу туралы ережелер көрсетілген шарт (келісімшарт), сондай-ақ медициналық мақсаттағы бұйымдардың, медициналық техниканың өндірушісі мен өндіруші елі көрсетілген сипаттаманың мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар көшірмесі - электрондық құ ж а т т ү р і н д е ;

үшінші елдің аумағынан медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы әкелуге дистрибьюторлық құқықтарды растайтын өндіруші немесе оның уәкілетті өкілдігі берген мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар құжат – құжаттың электрондық көшірмесі түрінде;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған жағдайларда ізгілік кө м е к кө р с е т у ү ш і н :
 Комитетке жүгінген кезде:
 ө т і н і ш ;

жеке тұлғалар үшін – дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе заңды тұлғалар үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;
 облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының немесе

медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдарының жүктің коммерциялық емес мақсатта пайдаланылуын бақылау жөніндегі міндеттемесімен осы ізгілік акциясын қолдау туралы хаты; алушының мекенжайына жіберілген жүктің ізгілік сипатын растайтын, мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар құжат; ізгілік көмекті мақсатты пайдалану (бөлу) жоспары; ұсынылатын құжаттардың тізімдемесі. Портал арқылы жүгінген кезде: ө т і н і ш ;

облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының немесе медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымдарының жүктің коммерциялық емес мақсатта пайдаланылуын бақылау жөніндегі міндеттемесімен осы ізгілік акциясын қолдау туралы хаты – құжаттың электрондық көшірмесі түрінде; алушының мекенжайына жіберілген жүктің ізгілік сипатын растайтын, мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар құжат - электрондық құжат т ү р і н д е ;

ізгілік көмекті мақсатты пайдалану (бөлу) жоспары – электрондық құжат т ү р і н д е ;

3) төтенше жағдайлардың алдын алу және/немесе салдарын жою үшін: Комитетке жүгінген кезде: ө т і н і ш ;

